

Шет ауданында әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Шет ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 23 ақпандағы N 02/01 қаулысы. Қарағанды облысы Шет ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 15 наурызда N 8-17-131 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қарағанды облысы Шет ауданы әкімі аппараты жетекшісінің 2013 жылғы 31 шілдедегі N 8-2/820 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қарағанды облысы Шет ауданы әкімі аппараты жетекшісінің 31.07.2013 N 8-2/820 хатымен).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы "Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасын бекіту туралы" N 316 қаулысына сәйкес, нысаналы топтарға жататын жұмыссыз азаматтарға әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында, Шет ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. **алынып тасталды - Қарағанды облысы Шет ауданы әкімдігінің 2012.06.04 N 14/01 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. "Шет ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Б. Бекенов), "Шет ауданының жұмыспен қамту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (Б. Исабеков):

1) Шет ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде жұмыссыз ретінде тіркелген, әлеуметтік жұмыс орындарында жұмыс істеуге ниет білдірген нысаналы топтардағы жұмыссыз азаматтарды жұмысқа жіберу бойынша жұмыс жүргізісін;

2) осы санаттағы азаматтарды жұмысқа орналастыру бойынша жұмыс берушілермен келісім шарт жасау туралы жұмыс жүргізісін;

3) әлеуметтік жұмыс орындарының ұйымдастырылуының тиімділігін бақылау, жасалған шарттардың орындалуы бойынша жұмыс жүргізісін;

4) әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастыру мониторингін жүргізісін.

3. Әлеуметтік жұмыс орындарға орналыстырған азаматтарға ақы төлеуін келесі мөлшерде жүргізілсін:

1) алғашқы алты айда республикалық бюджеттің қаражаты есебінен

еңбекақидан 50 пайызы мөлшерінде және жұмыс берушінің қаражаты есебінен 50 пайыздан аз емес мөлшерінде;

2) келесі үш айда республикалық бюджеттің қаражаты есебінен еңбекақидан 30 пайызы мөлшерінде және жұмыс берушінің қаражаты есебінен 70 пайыздан аз емес мөлшерінде;

3) соңғы үш айда республикалық бюджеттің қаражаты есебінен еңбекақидан 15 пайызы мөлшерінде және жұмыс берушінің қаражаты есебінен 85 пайыздан аз емес мөлшерінде.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Шет ауданы әкімінің орынбасары Ә.Ж. Қауымбаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шет ауданының әкімі

Р. Әбдікерев

Ш е т а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2 3 а қ п а н д а ғ ы
№ 02/01 қаулысына қосымша

Әлеуметтік жұмыс орындары құрылатын ауданның ұйымдары, кәсіпорындары және мекемелерінің тізімі

Реттік N	Кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер	Кәсіп (мамандық)	Жоспарланатын жұмыс орындарының саны	Жоспарланатын жұмыстардың ұзақтығы (ай)	Айлық еңбекақы мөлшері, теңге	Жоспарланат өтемақы мөлі теңге
1	"Караганда ПутьСервис" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	бас есепші	1	10 ай	52 000	26 000 6 15 600 3 7 800 1 ай
		оператор	1	10 ай	52 000	
2	"Дарын" шаруа қожалығы	жүргізуші	2	10 ай	52 000	26 000 6 15 600 3 7 800 1 ай
		механизатор	1	10 ай	52 000	
3	"Қайрақты" шаруа қожалығы	трактор жүргізуші	2	10 ай	52 000	26 000 6 15 600 3 7 800 1 ай
		малшы	2	10 ай	52 000	
		механизатор	1	10 ай	52 000	
4	"Шет аудандық әкімдігінің "Қызмет-А"	жинаушы	1	8 ай	52 000	26 000 6 15 600 3 7 800 1 ай
		аула сыпырушы	1	8 ай	52 000	

мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны	күзетші	1	7 ай	52 000	
--	---------	---	------	--------	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК